



## Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің кейбір бүйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2024 жылғы 12 сәуірдегі № 359 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 12 сәуірде № 34255 болып тіркелді.

### БҮЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бүйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Әскери білім және ғылым департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларының орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Зан департаментіне жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бүйрық мүдделі лауазымды адамдарға және құрылымдық бөлімшелерге жеткізілсін.

5. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Қорғаныс министрі

P. Жаксылыков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ғылым және жоғары білім министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Каржы министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Қорғаныс министрі  
2024 жылғы 12 сәуірдегі  
№ 359 Бүйрықпен  
бекітілген

**Әзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. "Әскери оқу орындарында әскери қызметшілердің оқуына жұмсалған бюджет қаражатын мемлекетке өтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 20 шілдедегі № 372 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15524 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасарына жүктелсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әскери оқу орындарында әскери қызметшілердің оқуына жұмсалған бюджет қаражатын мемлекетке өтеу қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Заңның 7-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына және 26-бабының 10-тармағына сәйкес ұлгерімсіздігі, тәртіпсіздігі үшін, өз бастамасы бойынша, теріс себептермен, Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылуға байланысты әскери қызметтен шығару салдарынан әскери оқу орнынан шығарылған, сондай-ақ әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт жасаудан бас тартқан курсант немесе кадет оқытуудың бірінші жылышының шығынын қоспағанда, әскери оқу орнында оны оқыту кезеңінде тамақтандыруды қамтамасыз етуге, стипендия төлеуге және жол жүруіне арналған шығынға сәйкес келетін ақшаны мемлекетке өтейді.

Шет мемлекетте әскери оқу орнында оқып жатқан немесе бітірген әскери қызметшілер үшін теріс себептермен, Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылуға байланысты немесе аттестаттау қорытындысы бойынша анықталған қызметіне сәйкес еместігі бойынша әскери қызметтен шығарылған жағдайда мемлекетке әскери оқу орнында оқу кезеңінде жол жүргені үшін шығысты, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен оқытуын елі арасында жасалған келісімшарт сомасына барабар ақшаны өтеуге міндетті.

Көрсетілген міндеттемелер әскери оқу орнындағы оқытуудың бірінші жылышы ішінде оқудан шығарылған және келесі курсқа көшірілмеген, мерзімді әскери қызметтің қалған мерзімін өткеру үшін белгіленген тәртіппен әскери бөлімге (мекемеге) жіберілген курсанттар мен кадеттерге қолданылмайды.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Әскери бөлім (мекеме) тиісті басқару органы арқылы курсантты, кадетті не офицерді теріс себептермен шығару және әскери есепке қою туралы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадрлар департаментін 10 жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді.";

8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Әскери қызметші оқыған кезеңде Департамент және әскери оқу орны жыл сайын әрбір әскери қызметшіге жиынтық есепті қалыптастырады және әскери оқу орны білім алатын әскери қызметшінің жеке (оқу) ісіне тігеді және оқудан шығарылғаннан немесе окуды бітіргеннен кейін бір ай мерзімде жергілікті әскери басқару органына немесе әскери бөлімге (мекемеге) жібереді.

9. Заңның 26-бабының 10-тармағында көрсетілген әскери қызметшілер оқуға жүмсалған ақшаны өз еркімен өтеуден бас тартқан жағдайда жергілікті әскери басқару органы қызметтен шығарылғаннан кейін бір ай мерзімде өтеу жөніндегі материалдарды сотқа береді.

Оқудан шығарылған немесе қызметтен шығарылған әскери қызметшілердің окуына жүмсалған өтеуге жататын шығын сомасы қорғаныс істері жөніндегі департаментте бухгалтерлік есеп бойынша есепке алынады.".

**2. Күші жойылды - ҚР Қорғаныс министрінің 15.07.2025 № 828 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. "Қорғаныстық зерттеулерді қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы № 403 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15602 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Құштері туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 17-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасарына жүктелсін.".;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қорғаныстық зерттеулерді қаржыландыру қағидаларында:

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Уәкілетті орган жобаны Әлеуетті орындаушыдан алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде жобага сараптама жүргізу үшін жобаны Қазақстан Республикасы Ұлттық қорғаныс университетінің әскери ғылыми-зерттеу орталығына (бұдан әрі – ҰҚУ ӘФЗО) жібереді.".;

37-тармақтың 3) тармақшасы алып тасталсын;

39-тармақ алып тасталсын.